



**"Қазақстан Республикасының Белгілерді тіркеу үшін тауарлар мен қызметтердің халықаралық жіктемесі туралы Ницца келісіміне қосылуы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 20 тамыз N 1086

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазақстан Республикасының Белгілерді тіркеу үшін тауарлар мен қызметтердің халықаралық жіктемесі туралы Ницца келісіміне қосылуы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қ а р а у ы н а е н г і з і л с і н .

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Жоба

Қазақстан Республикасының Заңы

Қазақстан Республикасының Белгілерді тіркеу үшін тауарлар мен

қызметтердің халықаралық жіктемесі туралы Ницца келісіміне  
қосылуы туралы

Ницца қаласында 1957 жылғы 15 маусымда қол қойылған Белгілерді тіркеу үшін тауарлар мен қызметтердің халықаралық жіктемесі туралы Ницца келісіміне Қазақстан Республикасы қосылсын.

Қазақстан Республикасының  
Президенті

**БЕЛГІЛЕРДІ ТІРКЕУ ҮШІН ТАУАРЛАР МЕН ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ  
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖІКТЕМЕСІ ТУРАЛЫ НИЦЦА**

# КЕЛІСІМІ

15 маусым 1957 жыл

1967 жылы 14 шілдеде Стокгольмде және 1977 жылы 13 мамырда  
Женевада қайта қаралған және 1979 жылы 28 қыркүйекте  
өзгертілген.

1-бап. Арнайы одақ құру;

Халықаралық жіктемені қабылдау;

Халықаралық жіктемені айқындау және оның тілі

(1) Осы Келісім қолданылатын елдер Арнайы Одақ құрады және белгілерді тіркеу үшін тауарлар мен қызметтердің біркелкі жіктемесін (бұдан әрі "Жіктеме" делінеді) қабылдайды.

(2) Жіктемені құрайтындар:

(i) қажет жағдайда түсіндірмелері қоса берілетін топтардың тізбесі;

(ii) әрбір тауар мен қызметке қатысты тобы көрсетілген тауарлар мен қызметтердің алфавиттік (бұдан әрі "алфавиттік тізбе" делінетін) тізбесі.

(3) Жіктемеге енетіндер:

(i) Дүниежүзілік интеллектуалдық меншік ұйымын құратын аталған конвенциядағы интеллектуалдық меншікті қорғау жөніндегі Халықаралық бюросы (бұдан әрі "Халықаралық бюро" делінеді) 1971 жылы жариялаған жіктемелер; бұл орайда, осы жарияланымға енгізілген топтар тізбесіне түсіндірмелер 3-бапта аталған Сарапшылар комитеті топтар тізбесіне түсіндірме әзірлеген кезге дейін уақытша және ұсыныс күйінде қарастырылады деп түсінген жөн;

(ii) 1957 жылы 15 маусымда қабылданған Келісімнің 4(1) бабына сәйкес және 1967 жылы 14 шілдеде қабылданған Стокгольм актісіне осы Акт күшіне енгенге дейінгі енгізілген түзетулер мен толықтырулар;

(iii) осы Актінің 4(1) бабына сәйкес күшіне енген және осы Актінің 3-бабына орай енгізілген өзгертулер.

(4) Жіктеме ағылшын және француз тілдерінде жасалады әрі екі мәтін де толықтай бірнұсқалық болады.

(5)(a) Дүниежүзілік интеллектуалдық меншік ұйымының Бас директорына (бұдан әрі "Ұйым" және "Бас директор" делінеді) сақтауға тапсырылған, 3(1) тармақта аталған, сонымен бірге осы Акті қол қойылғанға дейінгі уақытта күшіне енген 3(ii) тармақта аталған түзетулер мен өзгертулермен бірге француз тіліндегі бірнұсқалық данада

жинақталады. Осы Актіге қол қойылғаннан кейін күшіне енетін 3(ii) тармақта аталған түзетулер мен толықтырулар да француз тіліндегі бірнұсқалық данада Бас директордың сақтауына тапсырылады.

(b) (a) тармақшасындағы аталған мәтіннің ағылшындық нұсқасын 3-бапта аталған Сарапшылар комитеті осы Акт күшіне енгеннен кейін қысқа мерзімде жасап шығарады. Оның бірнұсқалық данасы Бас директордың сақтауына тапсырылады.

(c) 3(iii) тармақта аталған өзгертулер ағылшын және француз тілдеріндегі бірнұсқалық данада Бас директордың сақтауына тапсырылады.

(6) 5-бапта аталған Ассамблея айқындайтын араб, испан, италиян, неміс, португал, орыс тілдеріндегі және басқа тілдердегі Жіктеменің ресми мәтінін мүдделі үкіметтермен кеңескеннен кейін немесе осы үкіметтер ұсынған аударманың негізінде, немесе Арнайы одақ немесе Ұйымның бюджеті үшін қаржылық салдарлар туғызбайтын басқа да құралдарды пайдалана отырып, Бас директор жасап шығарады.

(7) Алфавиттік тізбеде сол жасалынған тілге сәйкес, әрбір тауар мен қызмет көрсетілімінің тұсында реттік нөмірі болады және

(i) егер сөз француз тілінде жасалған алфавиттік тізбе туралы болса, ағылшын тілінде жасалған алфавиттік тізбеде дәл сол көрсетілімі бар реттік нөмірі болады, және керісінше;

(ii) егер сөз (6) тармаққа сәйкес жасалған алфавиттік тізбе туралы болса, француз тілінде жасалған алфавиттік тізбеде немесе ағылшын тілінде жасалған алфавиттік тізбеде дәл сол көрсетілімі бар реттік нөмірі болады.

## 2-бап. Жіктеменің қолданылуы және заңдық маңызы

(1) Осы Келісімнен туындайтын жағдайлар ескеріле отырып, Жіктеме Арнайы одақ елдерінің әрқайсысында ие болғандағыдай маңызға ие болады. Атап айтқанда, Жіктеме белгілердің қорғау көлемін анықтауға қатысты болсын және қызмет істеу белгілерін тануға қатысты болсын Арнайы одақтың елдерін байлай алмайды.

(2) Арнайы одақтың әрбір елі Жіктемені негізгі немесе көмекші жүйе ретінде пайдалану құқығын өзіне қалдырады.

(3) Арнайы одақтың құзыретті ведомстволары белгілерді тіркеудегі тауарлар немесе қызметтерге қатысты Жіктеме топтарының нөмір белгілерін тіркеу туралы ресми құжаттары мен жарияланымдарға енгізеді.

(4) Алфавиттік тізімге кез келген атауды енгізу фактісі бұл атауға тиесілі құқықтарға ешбір түрде әсер етпейді.

## 3-бап. Сарапшылар комитеті

(1) Арнайы одақтың әрбір елі өкіл етілген Сарапшылар комитеті құрылады.

(2)(a) Бас директор өз еркімен және Сарапшылар комитетінің өтініші бойынша Арнайы одақтың мүшелері болып табылмайтын, бірақ Ұйымның мүшелері немесе Өнеркәсіптік меншікті қорғау жөніндегі Париж конвенцияның қатысушылары болып табылатын елдерді Комитет мәжілісіне бақылаушы ретінде өкілетті болуға шақыра алады және шақыруға тиісті.

(b) Бас директор ең болмағанда Арнайы одақтың елі болып табылатын бір елі құрамына кіретін белгі саласына маманданған үкіметаралық ұйымдарды Комитет мәжілісіне бақылаушы ретінде өкілетті болуға шақырады.

(c) Бас директор өз еркімен және Сарапшылар комитетінің өтініші бойынша өзге үкіметаралық және халықаралық үкіметтік емес ұйымдардың өкілдерін олар үшін қызығушылық туғызатын мәселелерді талқылауға шақыра алады және шақыруға тиісті.

### (3) Сарапшылар комитеті:

(i) Жіктемеге өзгертулер енгізу туралы шешімдер қабылдайды;

(ii) Арнайы одақтың елдеріне Жіктеменің қолданылуын жеңілдететін және оны біркелкі қолдануды қамтамасыз ететін кеңес-ұсыныстарды жолдайды;

(iii) Арнайы одақтың немесе Ұйымның бюджетіне залал келтірмейтін дамушы елдердің Жіктемені пайдалануына әсер ететін барлық басқа шараларды қабылдайды. Жіктемені дамушы елдердің пайдалануына жағдай жасайды;

(iv) қосалқы комитеттер мен жұмыс топтарын құруға құқылы.

(4) Сарапшылар комитеті өздерінің рәсім ережелерін қабылдайды. Бұл ережелер Жіктемені жетілдіре түсу жұмысына айтарлықтай үлес қосатын (2)(b) тармақта аталған үкіметаралық ұйымдардың Сарапшылар комитетінің қосалқы комитеттері мен жұмыс топтарының мәжілістеріне қатысу мүмкіндігін береді.

(5) Жіктемеге өзгертулерді енгізу жөніндегі ұсыныстарды Арнайы одақтың кез келген елінің құзыретті ведомствосы, Халықаралық бюро, (2)(b) тармақта аталған Сарапшылар комитетіне ұсынылған үкіметаралық ұйымдар және мұндай ұсыныстарды дайындау үшін Сарапшылар комитеті арқылы арнайы шақырылған кез келген елдер мен ұйымдар жасай алады. Ұсыныстар, Сарапшылар комитетінің мүшелері мен бақылаушыларына Сарапшылар комитетінің сессиясына (сонда қаралатын) дейінгі екі айдан кешіктірмей беретін Халықаралық бюроға жолданады.

(6) Арнайы одақтың әрбір елі бір дауысқа ие болады.

(7)(a) (b) қосалқы тармағының ережелері ескеріліп, Сарапшылар комитетінің шешімдері қабылдану үшін Арнайы одақ елдерінің дауыс беруге келгендері мен қатысушыларының жай көпшілік дауысы талап етіледі.

(b) Жіктемеге түзету енгізу жөніндегі шешім Арнайы одақ елдерінің дауыс беруіне келгендері мен қатысушыларының бестен төртінен артығы дауыс бергенде қабылданады. Түзету деп тауарлар мен қызметтерді бір топтан екіншісіне ауыстыруды немесе жаңадан топ енгізуді түсінген жөн.

(с) (4) тармақта аталған рәсім ережелері, арнайы жағдайларды есептемегенде, Жіктемеге жасалатын түзетулерді белгіленген мерзімнің аяғында қабылдауды көздейді; әрбір кезеңнің ұзақтығы Сарапшылар комитетімен айқындалады.

(8) Қалыс қалғандардың дауыстары есепке алынбайды.

4-бап. Өзгертулердің хабарлануы, күшіне енуі және жариялануы

(1) Халықаралық бюро Арнайы одақ елдерінің құзыретті органдарын қабылданған өзгерістер мен ұсыныстарға қатысты Сарапшылар комитетінің шешімдерімен хабардар етеді. Хабарлама жөнелтілген күнінен бастап арада алты ай өткен соң түзету күшіне енеді. Кез келген басқа өзгерту Сарапшылар комитеті белгіленген өзгерту туралы шешім қабылданған күнінен бастап күшіне енеді.

(2) Халықаралық бюро күшіне енген өзгерістерді Жіктемеге енгізеді.

Бұл өзгерістер жөніндегі хабарлар 5-бапта аталған Ассамблея белгіленген мерзімді басылымдарда жарияланады.

5-бап. Арнайы одақтың Ассамблеясы

(1)(a) Арнайы одақтың, осы Актіні ратификациялаған немесе оған қосылған елдерден тұратын Ассамблеясы болады.

(b) Әр елдің үкіметі оның орынбасарлары, кеңесшілері мен сарапшылары болатын бір делегатпен өкіл етіледі.

(с) Әр делегацияға кететін шығынды оны тағайындаған үкімет көтереді.

(2)(a) Ассамблея 3 және 4-баптардың ережелерін ескере отырып:

(i) Арнайы одақты сақтау мен дамытуға және осы Келісімді қолдануға қатысты барлық мәселелерді қарайды;

(ii) Халықаралық бюроға осы Актіні ратификацияламаған немесе оған қосылмаған Арнайы одақ елдерінің ескертпелерін қажетті түрде қайта қарау жөніндегі конференция дайындығына қатысты нұсқаулар береді.

(iii) Ұйымның Бас директорының (бұдан әрі "Бас директор" делінетін) Арнайы одаққа қатысты есептері мен қызметін қарайды және бекітеді, және оған Арнайы одақтың құзыретіне кіретін мәселелер бойынша барлық қажетті нұсқаулықтарды береді ;

(iv) Бағдарламаны айқындайды, Арнайы одақтың екі жылдың бюджетін қабылдайды, және қаржы есептерін бекітеді;

(v) Арнайы одақтың қаржы тәртібін бекітеді;

(vi) 3-бапта аталған Сарапшылар комитетінен тыс Арнайы одақтың мақсатын жүзеге асыруда қажет деп табылған басқа да комитеттер мен жұмыс топтарын құрады;

(vii) Арнайы одақтың мүшесі болып табылмайтын қандай елдер, қандай үкіметаралық және халықаралық үкіметтік емес ұйымдар оның мәжілісіне бақылаушы ретінде қатысуға жіберілетінін айқындайды;

(viii) 5-8-баптарға түзетулер қабылдайды;

(ix) Арнайы одақтың мақсаттарына жетуге бағытталған басқа да кез келген әрекеттерді жүзеге асырады;

(x) Келісімнен туындайтын басқа да барлық міндеттерді орындайды.

(b) Ұйым әкімшілік ететін басқа Одақтар үшін мүдделілік туғызатын мәселелер бойынша Ассамблея Ұйымы Үйлестіру комитетінің пікірін тыңдаған соң шешім қабылдайды;

(3)(a) Ассамблеяның әрбір мүше-елі бір дауысқа ие болады.

(b) Ассамблеяның мүше-елдерінің жартысы кворумды құрайды.

(c) (b) тармақшасының ережесіне қарамастан, егер қандай да бір сессияда өкіл етілген елдердің саны жартысынан аз болып шықса, бірақ Ассамблеяға мүше-елдердің үштен біріне тең не одан асатын болса, онда сессия шешім қабылдай алады, алайда өзінің рәсім ережесіне қатысты шешімдерінен басқа Ассамблеяның мұндай шешімдері, төменде келтірілген шарттарды сақтағанда ғана күшіне енеді. Халықаралық бюро аталған шешімдерді сессияда болмаған Ассамблеяның мүше-елдеріне жібереді, және олардан шешімнің жіберілген күнінен бастап есептегенде үш ай ішінде бұл шешімдер үшін дауыс бере ме, не қарсы, не қалыс қала ма, жауабын жазбаша жіберулерін сұрайды. Егер бұл мерзім ішінде дауыс берген немесе қалыс қалғаны жөнінде хабарлаған елдердің саны сессияда жетпей қалған кворумның орнын толтыруға жетсе, мұндай шешімдер қажетті көпшілік бір мезгілде сақталған жағдайда күшіне енеді.

(d) 8(2) баптың ережелерін есепке ала отырып, Ассамблея өз шешімдерін берілген дауыстың үштен екісімен басым түсіп қабылдайды.

(e) Қалыс қалған дауыстар есепке алынбайды.

(f) Делегат тек бір елдің ғана өкілі бола алады және оның атынан дауыс береді.

(g) Ассамблея мүшесі болып табылмайтын Арнайы одақтың елдері мәжіліске бақылаушы ретінде қатыстырылады.

(4)(a) Ассамблея кезекті сессияға, өзгеше жағдайдан басқа кезде, Ұйымның Бас Ассамблеясы орналасқан жерге сол уақытқа Бас директордың шақыруымен екі жылда бір рет жиналады.

(b) Ассамблея Ассамблеяға мүше-елдердің төрттен бірінің талап етуімен Бас директор шақыратын төтенше сессияға жиналады.

(c) Бас директор әр сессияның күн тәртібін дайындайды.

(5) Ассамблея өзінің рәсім ережелерін қабылдайды.

(1)(a) Арнайы одақтың әкімшілік міндеттерін Халықаралық бюро жүзеге асырады.

(b) Халықаралық бюро, атап айтқанда, мәжілістерді дайындайды және Ассамблея Хатшылығының, Сарапшылар комитетінің осындай Ассамблея немесе Сарапшылар комитеті құруы мүмкін басқа да комитеттер мен жұмыс топтарының міндеттерін о р ы н д а й д ы .

(c) Бас директор Арнайы одақтың басты лауазымды тұлғасы болып табылады және А р н а й ы                    о д а қ қ а                    е т і л е д і .

(2) бас директор және сол тағайындаған кез келген қызметкер Ассамблеяның, Сарапшылар комитетінің және Ассамблея немесе Сарапшылар комитеті арқылы құрылуы мүмкін басқа да сарапшылар комитеттерінің немесе жұмыс топтарының мәжілістерінің бәріне дауыс беру құқығынсыз қатысады. Бас директор немесе сол тағайындаған мүше қызметкер осы органдар хатшысының ex officio болып табылады.

(3)(a) Халықаралық бюро Ассамблеяның нұсқауларына сәйкес, 5-8

баптарды қоспағанда Келісімнің ережелерін қайта қарау жөніндегі, конференцияларды дайындайды.

(b) Халықаралық бюро қайта қарау жөніндегі конференция мәселелерін дайындауда үкіметаралық және халықаралық үкіметтік емес ұйымдармен кенесуі мүмкін.

(c) Бас директор және сол тағайындаған тұлғалар бұл конференциялардың жұмысына дауыс беру құқығынсыз қатысады.

(4) Халықаралық бюро өзіне жүктелген кез келген басқа да міндеттерді орындайды.

## 7-бап. Қаржылар

(1)(a) Арнайы одақтың бюджеті болады.

(b) Арнайы одақтың бюджетіне Арнайы одақтың кірістері мен шығыстары енеді, оның бюджетке түскен жарнасы Одаққа тиесілі жалпы шығынға жұмсалады, сондай-ақ тиісті жағдайда Ұйымның Конференциясы бюджетіне бөлінеді.

(c) Аталмыш Арнайы одаққа ғана қатысы болмайтын, бірақ Ұйым әкімшілік жүргізетін басқа Одақтардың біреуіне немесе бірнешеуіне бір мезгілде жұмсалатын шығындар Одақ үшін жұмсалатын жалпы шығындар деп есептеледі. Бұл жалпы шығындағы Арнайы одақтың үлесі оның осы шығындардағы мүдделілігіне сәйкес к е л е д і .

(2) Арнайы одақтың бюджеті Ұйым әкімшілік жүргізетін басқа Одақтардың бюджеті мен үйлестіру талабының қажетті түрде ескерілуімен қабылданады.

(3) Арнайы одақтың бюджеті мынадай көздер арқылы қаржыландырылады:

(i) Арнайы одақ елдерінің жарналары;

(ii) Арнайы одаққа қатысты Халықаралық қызмет көрсету бюросы ұсынатын а л ы м д а р м е н т ө л е м д е р ;

(iii) Арнайы одаққа қатысты Халықаралық бюро жарияланымдарын сатудан түскен, және мұндай жарияланымдарды өзгеге ауыстыру құқығынан түскен кірістер;

(iv) сый-сияпат, мұрагерлік қаржылар және субсидиялар;

(v) ренталар, пайыздар және басқа да кірістер.

(4)(a) 3(1) тармақта аталған өз жарнасын белгілеу үшін, Арнайы одақтың әрбір елі, Өнеркәсіптік меншікті қорғау жөніндегі Париж одағына жататын топта болады, және өзінің жылдық жарнасын осы одақта аталған топқа тағайындалған бірлік негізінде т ө л е й д і .

(b) Арнайы одақтың әрбір елінің жылдық жарнасы жарна төлеуге тиісті барлық елдердің Арнайы одақтың бюджетіндегі жалпы сомасына қатыстылығындай олардың бірлік санының елдердің барлық төлеген жарналарының бірлік санына қатысты с о м а с ы н а т е ң к е л е д і .

(c) Жарна әр жылдың бірінші қаңтарынан бастап төленетін болады.

(d) Жарна төлеуде қарызы бар елдер Арнайы одақтың барлық органдарында дауыс құқығын жоғалтады, егер сол елдің қарызы соңғы толық екі жылда төленуге тиісті жарнасы қарыз сомасы көлеміне тең не одан асып түсетін болса. Алайда, Арнайы одақтың кез келген органы мұндай елге төлем төлеу айрықша және болмай қоймайтын жағдайлар нәтижесінде созылып кеткеніне көз жеткізіп тұрса, онда оған бұл органда дауыс құқығын пайдалануды жалғастыра беруіне рұқсат береді.

(e) Егер бюджет жаңа қаржылық кезең басталғанға дейін қабылданбаған жағдайда қаржы тәртібін реттеу талаптарына сәйкес, өткен жылдың деңгейіндегі бюджет қ о л д а н ы л а д ы .

(5) Арнайы одақтың атынан Халықаралық бюро ұсынған қызмет көрсеткені үшін тиесілі алымдар мен төлемдердің көлемін Бас директор тағайындап бұл жөнінде А с с а м б л е я ғ а б а я н д а й д ы .

(6)(a) Арнайы одақтың әрбір елі бір рет төлейтін төлемінен құралатын айналмалы қаражат қоры болады. Егер айналмалы қаражаттың көлемі жеткіліксіз болатын болса, онда Ассамблея оны көбейту жөніндегі мәселені шешеді.

(b) Әрбір елдің алғашқы төлемдер көлемі, аталған қорға, немесе оның осы қорды ұлғайтудағы үлесі қордың құрылған немесе оны ұлғайту жөнінде шешім қабылданған жылдағы бұл елдің жарнасына мөлшерлес келеді.

(c) Төлемінің мұндай мөлшері мен шартын Бас директордың ұсынысы бойынша Ұйымның Үйлестіру комитетінің пікірін тыңдаған соң Ассамблея тағайындайды.



(7)(a) Ұйымның өзінің штаб-пәтері орналасқан аумағындағы елмен штаб-пәтер туралы жасасқан келісінде айналмалы қаражат қоры жеткіліксіз болған жағдайда сол елдің аванс беруі көзделеді. Мұндай аванстың көлемі мен берілу шарты әрбір жағдайда осы ел мен Ұйым арасындағы жасалатын ерекше келісім мәселесі болып табылады.

(b) (a) тармақшада аталған елдегідей Ұйым да жазбаша хабарлау жолымен аванс беру жөніндегі міндеттеменің күшін жою құқығына ие болады. Күшін жою хабарлама жасалған жыл аяқталғаннан кейінгі үш жыл өткен соң күшіне енеді.

(8) Қаржылық тексеруді қаржы тәртібі ережелеріне сәйкес, Арнайы одақтың бір немесе бірнеше елі немесе олардың келісімімен Ассамблея тағайындаған сырттан келген тексерушілер жүзеге асырады.

#### 8-бап. 5-8 баптарға түзетулер

(1) Осы бапқа және 5, 6, 7 баптарға түзетулер енгізу жөніндегі ұсыныстарды Ассамблеяның кез келген мүше-елдері немесе Бас директор жасай алады. Мұндай ұсыныстарды олардың Ассамблеяда қаралуына дейінгі кем дегенде алты ай бұрын Бас директор Ассамблеяның мүшелеріне жібереді.

(2) (1) тармақта көзделген баптарға кез келген түзетуді Ассамблея қабылдайды, ол үшін берілген дауыстың төрттен үшінен артық дауыс талап етіледі: алайда 5-бапқа және осы тармаққа жасалатын кез келген түзету берілген дауыстың бестен төрттен артық дауысымен қабылданады.

(3) (1) тармақта көзделген баптарға жасалатын кез келген түзету оны қабылдау кезінде Ассамблея мүшесі болып табылатын елдердің төрттен үшінен оның қабылдаушы әр елдің конституциялық рәсіміне сәйкес жасалғаны туралы Бас директор жазбаша хабарлама алғаннан кейін бір айдан соң күшіне енеді.

Осылайша қабылданған аталған баптарға кез келген түзету түзетудің күшіне енген кезінде Ассамблея мүшесі болып табылған немесе осы датадан кейін оған мүше болатын барлық елдер үшін міндетті; алайда арнайы одақ елдерінің қаржылық міндеттемелерін арттыратын кез келген түзету өздері осындай түзетуді қабылдағаны туралы хабарлаған елдер үшін ғана міндетті болып табылады.

#### 9-бап. Ратификация және қосылу; күшіне ену

(1) Арнайы одақтың осы Актіге қол қойған кез келген елі, оны ратификациялай алады немесе, егер қол қоймаған болса, оған қосыла алады.

(2) Арнайы одақтың мүшесі болып табылмайтын, бірақ Өнеркәсіптік меншікті қорғау жөніндегі Париж конвенцияға қатысушы болатын кез келген елі осы Актіге қосыла алады және сөйтіп, Арнайы одақтың елі бола алады.

(3) Ратификациялық грамоталар мен қосылу жөніндегі актілер Бас директордың

с а қ т а у ы н а

т а п с ы р ы л а д ы .

(4)(a) Осы Акт мынадай екі шартты орындағаннан кейін үш айдан соң күшіне енеді:

(i) алты не одан да көп елдер ратификациялық грамоталарын немесе қосылу жөніндегі актілерін сақтауға тапсырса;

(ii) осы елдердің кем дегенде үш елі осы Актінің қол қоюға ашық болған датасында Арнайы одақтың елдері болып табылса:

(b) (a) тармақшасында аталған күшіне ену ратификациялық грамоталарын немесе қосылу жөніндегі акттерін кемінде үш ай бұрын аталған күшіне енуге дейін сақтауға тапсырған елдерге қатысты қолданылады.

(c) (b) тармағына қатысы жоқ кез келген елге қатысты осы Акт, егер ратификациялық грамотада немесе қосылу жөніндегі актіде кейінірек дата көрсетілмесе, Бас директордың ратификациялау немесе қосылу жөнінде хабарлама берген датасынан кейінгі үш айдан соң күшіне енеді. Соңғы жағдайда, сол елге қатысты осы Акт осылайша көрсетпеген дата бойынша күшіне енеді.

(5) Ратификация немесе қосылу автоматты түрде осы Акті белгіленген барлық ережелерді тануға және барлық артықшылықтарды иеленуге апаратын болады.

(6) Осы Акті күшіне енгеннен кейін бірде бір ел кез келген осы Келісімнің алдындағы Актты ратификациялай алмайды немесе оған қосыла алмайды.

## 10 - б а п . Қ о л д а н ы с м е р з і м і

Осы Келісімнің Өнеркәсіптік меншікті қорғау жөніндегі Париж конвенциясының қолданыс мерзіміндегі қолданыс мерзімі болады.

### 11-бап. Қайта қарау

(1) Осы Келісім уақыт ағымымен Арнайы одақ елдерінің конференцияларында қайта қаралуы мүмкін.

(2) Қайта қарау жөніндегі конференцияны шақыру туралы шешімді Ассамблея қабылдайды.

(3) 5-8 баптарға түзетулер қайта қарау жөніндегі конференцияда немесе 8-баптың ережелеріне сәйкес қабылдануы мүмкін.

### 12-бап. Күшін жою

(1) Кез келген акт жасасқан мемлекет Бас директорға жолданатын хабарлау арқылы осы Актінің күшін жоя алады. Мұндай күшін жою, осы актінің күшін жойған елдің ратификациялаған немесе қосылған сол келісімнің алдыңғы актісінің де немесе алдыңғы актілерінің де күшін жойылғаны болып табылады; күшін жою тек соны жүзеге асырған елге ғана таралады, ал Арнайы одақтың басқа елдеріне қатысты болғанда, Келісім күшінде қалады және орындалуы керек болады.

(2) Хабарлауды Бас директор алған күнінен бастап есептегенде күшін жою бір жылдан кейін күшіне енеді.

(3) Осы тармақта көзделген күшін жою құқығы елдің осы Арнайы одаққа қатысушы ел болған күнінен кейін бес жыл мерзім өтпейінше пайдаланыла алмайды.

### 13-бап. Париж конвенциясының 24-бабына сілтеме

Өнеркәсіптік меншікті қорғау жөніндегі Париж конвенциясының 1967 жылғы Стокгольм Актісінің 24-бабының ережелері осы Келісімге қолданылады; алайда, егер бұл ережелерге болашақта түзетулер енгізілетін болса, онда соңғы уақыттағы түзету, осы Келісімге, сол түзетуге байланысы бар Арнайы одақ елдеріне қатысты қолданылады.

### 14-бап. Қол қою; тілдері; депозитарийі функциялары; хабарламалар

(1)(a) Осы Актіге ағылшын және француз тілдеріндегі түпнұсқада қол қойылады, әрі екі мәтін де бір нұсқалық болады және Бас директордың сақтауына тапсырылады.

(b) Осы Актінің ресми мәтінін мүдделі үкіметтермен пікірлескеннен кейін және Дүниежүзілік интеллектуалдық меншік ұйымы құрған конвенцияның бір нұсқалық мәтіні қол қойылған (a) тармақшасында аталған тілдермен қатар, басқа да екі тілде, испан және орыс тілдерінде осы Актіге қол қойылған датадан бастап екі ай ішінде Бас директор жасап шығарады.

(c) Осы Актінің ресми мәтінін мүдделі үкіметтермен пікірлескеннен кейін араб, итальян, неміс және португал тілдерінде, сондай-ақ Ассамблея белгіленген өзге де тілдерде Бас директор жасап шығарады.

(2) Осы Акті қол қою үшін 1977 жылдың 31 желтоқсанына дейін ашық.

(3) (a) Бас директор осы Актінің қол қойылған мәтінінің куәландырылған екі көшірмесін Арнайы одақтың барлық елдерінің үкіметтеріне және де кез келген елдің үкіметінің сұрауы бойынша жолдайды.

(b) Бас директор осы Актінің кез келген түзетулерінің куәландырылған

екі көшірмесін Арнайы одақтың барлық елдерінің үкіметтеріне және де кез

келген елдің үкіметіне сұрауы бойынша жолдайды.

(4) Бас директор осы Келісімді Біріккен Ұлттар Ұйымының Хатшылығында тіркеуден өткізеді.

(5) Бас директор Өнеркәсіптік меншігі қорғау жөніндегі Париж конвенциясының қатысушы-елдерінің бәрінің үкіметтеріне мынадай хабарлама жасайды:

(i) (1) тармаққа сәйкес қойылған қолдар туралы;

(ii) 9(3) бапқа сәйкес ратификацияланған грамоталар мен қосылу туралы актілерді сақтауға тапсыру туралы;

(iii) 9(4)(a) бапқа сәйкес осы Актінің күшіне енетін датасы туралы;

(iv) 8(3) бапқа сәйкес осы Актіге түзету қабылданғаны туралы;

(v) ондай түзетулерді күшіне енетін датасы туралы;

(vi) 12-бапқа сәйкес жасалған күшін жою туралы.

Мамандар:

Багарова Ж.А.

Қасымбеков Б.А.